

А. Жунусбекова.<sup>1\*</sup>, Э. Уайдуллақызы<sup>1</sup>

Абай атындағы ҚазҰПУ,  
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

## БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП ПЕДАГОГТАРЫНЫҢ КӘСІПКЕРЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ

### Аңдатпа

Бұл мақалада кіші жастағы оқушылардың оқу-тәрбие үрдісін ғана емес, білім беру саласындағы кәсіпкерлік қызметті де ұйымдастыруға қабілетті педагогтар талқыланады. Зерттеу мәселесіне байланысты Web of Science деректер базасында 2017-2022 жылдар аралығында кәсіпкерлік білім беру тақырыбы бойынша жарияланымдарға талдау жасалды, сондай-ақ студенттер арасында сауалнама жүргізілді, нәтижесінде кәсіпкерлік тұжырымдамасын түсінудің бастапқы деңгейлері, сондай-ақ студенттердің жоғары оқу орнын аяқтағаннан кейінгі жоспарлары, кәсіпкерлік бойынша курстарға қатысу мәселелері анықталды. Жүйелі тәсіл арқылы әртүрлі ғалымдардың кәсіпкерлік білім беру мәселесіне талдау жасап, ғылыми тұжырымдамалар жасадық.

Зерттеудің мақсаты – болашақ бастауыш сынып педагогтарының кәсіпкерлік құзыреттілігінің, кәсіпкерлік білім беруінің теориялық және практикалық негіздерін талдау.

Зерттеу әдістері: тақырып бойынша ғылыми-практикалық жұмыстарды талдау және жалпылау, эмпирикалық әдістер, эксперимент. Мақалада Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің (әрі қарай – Абай ат. ҚазҰПУ) «Бастауыш білім беру» оқу бағдарламасының студенттері арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері берілген.

**Түйін сөздер:** педагог, бастауыш сынып педагогі, құзыреттілік, кәсіпкерлік, кәсіпкерлік құзіреттілік.

Жунусбекова А.<sup>1\*</sup>, Уайдуллақызы Э.<sup>1</sup>

ҚазНПУ им. Абая,  
г. Алматы, Республика Казахстан

## РАЗВИТИЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКИХ КОМПЕТЕНЦИЙ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

### Аннотация

В данной статье рассматривается потребность в педагогах, способных не только организовать учебно-воспитательный процесс младших школьников, но и предпринимательскую деятельность в сфере образования. В связи с проблемой исследования был проведен анализ публикаций в базе данных Web of Science по теме обучения предпринимательству за 2017-2022 годы, также опрос студентов, в результате которого были определены исходные уровни понимания понятий «предпринимательской компетенции», планы студентов после окончания высшего учебного заведения, посещаемость курсов по предпринимательству и т.д. Посредством системного подхода авторы делают контекстный анализ взглядов различных ученых в области «предпринимательской компетенции» и делают научные выводы.

Цель исследования – анализ теоретических основ предпринимательской компетенции, предпринимательского образования будущих педагогов начальных классов.

Методы исследования – анализ и обобщение научных и практических работ по теме, эмпирические методы, эксперимент. В статье представлены результаты анкетирования студентов специальности «Начальное образование» Казахского национального педагогического университета имени Абая (далее – КазНПУ им. Абая).

**Ключевые слова:** педагог, педагог начальных классов, компетенция, предпринимательство, предпринимательская компетенция.

Zhunusbekova A.<sup>1\*</sup>, Uaidullakzy E.<sup>1</sup>  
<sup>1</sup>Abai KazNPU, Almaty, Republic of Kazakhstan

## DEVELOPMENT OF ENTREPRENEURIAL COMPETENCIES OF FUTURE PRIMARY SCHOOL TEACHERS

### *Abstract*

This article discusses the need for teachers who are able not only to organize the educational process of younger students, but entrepreneurial activity in the field of education. In connection with the research problem, an analysis was made of publications in the Web of Science database on the topic of entrepreneurship education for 2017-2022, as well as a survey of students, as a result of which the initial levels of understanding of the concept of «entrepreneurial competence», students' plans after graduation, attendance of courses on entrepreneurship, etc. Through a systematic approach, the authors make a contextual analysis of the views of various scientists in the field of «entrepreneurial competence» and draw scientific conclusions.

The purpose of the study – analysis of the theoretical and practical foundations of entrepreneurial competence, entrepreneurial education of future primary school teachers.

Research methods – analysis and generalization of scientific and practical works on the topic, empirical methods, experiment. The article presents the results of a survey of students of the specialty «Primary education» of the Abay Kazakh national pedagogical university (further – Abai KazNPU).

**Keywords:** teacher, primary school teacher, competence, entrepreneurship, entrepreneurial competence.

*Зерттеу Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті тарапынан қаржыландырып отыр (11.02.2022 ж.-ғы №1 келісім шарт)*

**Кіріспе.** «Қазақстан – 2050» Стратегиясында әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына ену үшін еліміздің экономикасы қарқынды дамуы қажет екендігі атап өтілді [1]. Саясаткерлер мен экономистер экономикалық өсім мен инновацияны ілгерілетуде кәсіпкерліктің маңызды рөл атқаратынын атап көрсетеді [2,3]. Әсіресе, бұл мәселе халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуына көңіл бөлу арқылы жұмыссыздықты азайтуға әкеледі [4]. Еуропалық комиссия өткізген кәсіпкерлік білім беру конференциясында кәсіпкерліктің жоғары деңгейіне білім беру арқылы қол жеткізуге болатыны айтылған [5, 6]. Тиісінше, соңғы онжылдықтарда жоғары оқу орындарында кәсіпкерлікті оқыту бағдарламалары қарқынды және жаһандық дамудан өтті [7, 8]. Қазіргі қоғам кәсіпкерлікпен шұғылданатын болғандықтан, кәсіпкерлік білім беру – білім берудің өсіп келе жатқан сегменті [9]. 2008 жылы Дүниежүзілік экономикалық форумда экономиканы қалпына келтіру үшін елді жаппай кәсіпкерлікке оқыту керек деген қорытындыға келген [10]. Кәсіпкерлік білім беруді дамыту Еуропалық комиссияның «Кәсіпкерлік 2020» іс-қимыл жоспарының үш бағытының біріншісі ретінде көрсетілген. Ол студенттердің тиісті дағдыларын жетілдіру үшін кәсіпкерлік оқыту сабақтарының санын арттыруды көздейді. Осылайша, мемлекет пен қоғамның мамандарды кәсіпкерлікке даярлауға деген сұранысы артып отыр. Әлемдік университеттер экономиканы дамыту мақсатында кәсіпкерлік білім беру тұтас білім беру бағдарламасы ретінде де, арнайы курстар арқылы енгізуде [11]. Мұндай курстарды тек экономикалық мамандықта оқитын студенттер ғана емес, педагогикалық мамандықтар студенттері де оқуы керек деп есептейміз. Себебі Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында педагогикалық білімді жаңарту керек деп міндет қойылған [12]. Сонымен қатар, мемлекеттік мектептерде орын тапшылығы мәселесі өткір тұр. Жеке мектеп ашу үшін тек қаржының болуы жеткіліксіз, сонымен қатар сауатты кадрлар мен білім беру шешімдерін қабылдау үшін оқу процесінің ерекшеліктерін білу керек. Осыған орай, болашақ педагогтерінің білім беру бағдарламасында кәсіпкерлікке дайындайтын арнайы курстар енгізу керек. Осы курстар болашақ бастауыш педагогтерінің кәсіпкерлік құзиреттілігін дамытудың бір жолы деп есептейміз.

Зерттеу жұмысымыздың нысаны – педагогтардың, атап айтқанда бастауыш сынып педагогтарының кәсіпкерлік құзиреттіліктерін дамыту.

Зерттеудің мақсаты - бастауыш сынып педагогтарының кәсіпкерлік құзиреттілігінің жай-күйі мен даму жолдарын талдау болып табылады.

Зерттеу міндеттері:

– шетелдік ғылыми мақалаларға шолу жасау;  
– Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «6B01302 – Бастауыш білім беру бизнес инновациямен» мамандығына сұранысты анықтау.

Кәсіпкерлік білім беру мәселелері бойынша шетелдік журналдардағы жарияланымдар санының өсу тенденциясы байқалды. Біз 2017-2022 жж. кәсіпкерлік білім беру тақырыбына арналған жарияланымдар бойынша Web of Science мәліметтер базасына талдау жасадық. Жарияланған ғылыми мақалалардың жалпы саны – 2516, оның ішінде ең аз жариялымдар саны 2017 жылы (2022 жылдың мәселелері толық емес), ал ең көп 2021 жылы жарияланды - 717 мақала, бұл 2017-2022 жылдар аралығындағы жалпы санның 28,4% құрайды. [13]. Осы мәліметтерге сүйенсек, бұл мәселеге ғылыми қызығушылық күн сайын артып келеді деуге болады. Web of Science деректер базасына сәйкес кейбір басылымдар жылына 10-нан астам ғылыми мақала жариялайды. 2017-2022 ж.ж. келесі журналдарда кәсіпкерлік білім беру туралы ғылыми мақалалар жарыққа шықты:

- Sustainability (197 мақала);
- Frontiers in Psychology (139 мақала);
- Entrepreneurial business and economics review (70 мақала);
- International journal of Entrepreneurial behavior research (42 мақала);
- Small business economics (42 мақала);
- Education and training (36 мақала);
- Industry and Higher education (34 мақала) және т.б.

Бұл дегеніміз, кәсіпкерлік білім беру мәселесі өте маңызды. Бірақ педагогика мамандықтарында оқитын студенттердің кәсіпкерлік құзіреттілігін дамыту мәселелері қарастырылатын ғылыми зерттеулердің саны аз. Осындай қарама-қайшылықтардың пайда болуы осы тақырыпты таңдауымызға негіз болды.

Тақырыптың зерттелуіне тоқталсақ. Дж.Фуэнте, К.Дуглас, У.Диас-Оруэта мен К.Яшунің пікірлерінше, инновация және кәсіпкерлік білім беру – бұл «уақыт» талабы [14]. Қытай ғалымдары Й Си Джей мен Т.Вудің айтуынша кәсіпкерлік білім беру студенттердің кәсіпкерлік қабілеті мен ойлауын дамытуға, сондай-ақ студенттердің табысты кәсіпкерлігіне жәрдемдесуге бағытталады [15]. Кәсіпкерлікке оқыту студенттердің бизнес ашуға дайындығын және кәсіпорын өсімінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді – бұл А. Файольдің пікірі [16].

«Entrepreneurship Education and Students' Entrepreneurial Intention in Higher Education» атты мақалада барлық мамандықтардың студенттері сапалық әдістерді сандық көрсеткіштермен үйлестіретін зерттеу әдістемесін пайдалана отырып, бизнесті құру курсынан өту керектігі атап өтілген. Сондай-ақ, осы курсты оқу барысында студенттер кәсіпкерліктің табысты үлгілерімен танысуы керек деп айтылған. Ол өз кезегінде студенттердің кәсіпкерлік көзқарастары мен ниеттеріне оң әсер ететінін дәлелдейді [17].

Әр елдің мемлекеті ел тұрғындарын кәсіпкерлікке үйрету үшін инвестицияны аямау керек, сонымен қатар университет басшылығы студенттерге бизнесті ашуға мүмкіндік беру керек екені айтылады. Бизнес мүмкіндіктерін арнайы курстарда үйретеді. Өйткені бизнестің өркендеуі жалпы елдің гүлденуіне әкелуі керек [18].

Э.Х. Әл-Лавати, У.Х. Абдул Кохар мен С.Е. Сүлейман экономикалық мәдениетті арттыру үшін академиялық мекемелерде қызметкерлер мен студенттерге кәсіпкерлікті оқыту семинарларын өткізу керек деп есептейді. Сонымен қатар, кәсіпкерлер студенттерге үлгі ретінде белсенді рөл атқаруға мүмкіндік беру керек. Білім беру мекемелері мен кәсіпкерлер арасындағы өзара іс-қимыл студенттерді кәсіпкерлік саласындағы соңғы жаңалықтардан хабардар етуге көмектеседі [19].

**Материалдар мен зерттеу әдістері.** Жоғарыдағы зерттеулерде Еуропалық үкіметтер кәсіпкерлік білімге басымдылық көңіл бөлінетінін көріп отырмыз. Кәсіпкерлікпен айналысуды университет базасында үйретсек, ол өз кезегінде студенттердің менталитетін өзгертіп, болашақта компанияларды ашуға, жаңа жұмыс орындарын құруға және өңірде экономиканы ынталандыруға әкеледі. Демек, кәсіпкерлік білім тек кәсіпкер болуға шешім қабылдағандарға ғана емес, сонымен қатар өз ісін ашуға шешім қабылдаған адамдар санын көбейтетін саяси құрал ретінде де қарастырылады.

Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы (әрі қарай – ҰКП) Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігімен бірлесіп 2015 жылдан бастап кәсіпкерлік дағдыларды қалыптастыруда көптеген жұмыстар атқарып отыр. 2019 жылы «Кәсіпкерлік негіздері» пәні таңдау пәні ретінде Қазақстанның 2103 орта мектебінде 51 302 оқушыға оқытыла бастады. 2020 жылы бұл пән тағы 2000 орта мектепте енгізілді. Сонымен қатар, «Атамекен» ҰКП Қазақстан

Республикасы Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп, 10-11-сыныптарға арналған бағдарлама мен оқу құралын әзірледі. Сондай-ақ 2019 жылы 1784, 2020 жылы 1700 мұғалім кәсіпкерлік кірстарынан өтті [20].

2020 жылы Қазақстандағы «Әйелдер – Біріккен Ұлттар ұйымы» мен «Атамекен» ҚР ҰКП бірлесіп «Әйелдер кәсіпкерлігіне арналған 100 идея» электронды каталогын жарыққа шығарды [21]. «Бастауыш білім беру» мамандығында 90%-ы оқитын студенттер – қыз балалар болғандықтан өте пайдалы деп есептейміз. Бұл каталогта білім беру саласындағы кәсіпкерліктің келесі түрлері бар: музыка мектебі, балаларды дамыту клубы, құммен сурет салу студиясы, репетиция пункті, тіл мектебі, коворкинг орталығы, оқу компаниясы, аспаздық мектеп, кесу және тігін курстары, ментальды арифметика мектебі, логопедиялық кабинет, балаларды түзету және дамыту орталығы. Әр түрі бойынша келесідей мағлұматтар бар:

- нарықты талдау;
- басқару құралдары;
- қаржыландыру көздері;
- тәуекел факторлары және т.б.

2021 жылы біз «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін іскерлікке бағытталған іс-әрекетке дайындаудың әлеуметтік алғышарттары» атты ғылыми мақала жариялаған болатынбыз [22], онда біз «6B01302 – Бастауыш білім беру бизнес инновациямен» мамандығының ашылуы мен қажеттілігі туралы айтылған. Қазіргі таңда бұл мамандық бойынша 1-2 курста 40-қа жуық студент білім алуда. Жыл сайын бұл мамандыққа деген қызығушылық артып жатыр. Бұл мақалада келесі зерттеу әдістері қолданылды:

- нормативті құқықтық құжаттарды талдау;
- web of Science деректер базасындағы кәсіпкерлік білім беру тақырыбына арналған жарияланымдарға талдау жүргізу [13];
- шетелдік ғылыми мақалаларды қарастыру;
- сауалнама өткізіп, нәтижелерін талдау.

**Талқылау.** Қазіргі уақытта Еуропада кәсіпкерлік құзыреттердің бірыңғай тізбесі жоқ. Кәсіпкерлік құзыреттер деп адамның бизнесті табысты жүргізу үшін білімі, танымы, тәжірибесі, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру барысында міндеттерді тиімді орындау процесінде көрсетілетін мінез-құлқы бар мәселелер шеңбері түсініледі. Кәсіпкерлік білім беру саласындағы танымал теоретик және кәсіпкерлікті зерттеуге қосқан үлесі үшін Дүниежүзілік сыйлықтың лауреаты Бенгт Йоханссонның пікірінше кәсіпкерлік құзыреттілікке мыналар кіреді: бизнестің мақсатын білу, оны ұйымдастыру, бизнес субъектілерімен дұрыс қарым-қатынас орнату, бизнес тақырыбы бойынша білім алу [23].

Комарова И. және т.б. ғалымдардың пікірі бойынша кәсіпкерлік құзыреттілік бұл адамның идеяларын іс-әрекетке айналдыру қабілеті. Кәсіпкерлік құзыреттілікке келесілерді кіргізген: шығармашылық, инновацияға дайын болуы, тәуекелді қабылдауға дайын болуы, мақсатқа жету үшін жобаларды жоспарлау және басқару мүмкіндігі [24].

Біз студенттердің кәсіпкерлік құзыреттілік туралы бастапқы түсінік деңгейін анықтау үшін сауалнаманы Абай ат. ҚазҰПУ-де өткіздік. Сауалнама келесідей сұрақтарды қамтыды:

1. «Кәсіпкерлік құзыреттілік» терминінің мағынасын түсінесіз бе?
2. Сіз кәсіпкерлік курстарына бардыңыз ба?
3. Болашақта білім орталығын ашқыңыз келе ме?

Сауалнама Google Disk арқылы 71 студенттен алынды, оның ішінде:

- «6B01302 – Бастауыш білім беру бизнес инновациямен» мамандығының 1 және 2 курс - 40 студенті,
- «6B01303 – Бастауыш білім беру ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен» мамандығының 2 курс студенттері – 19;
- 12 «6B01307 - Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі көптілді оқытумен» 3 курс студенттері – 12.


Сауалнама ресми түрде 2022 жылдың наурыз айында онлайн форматта жүргізілді.

Сауалнамаға қатысу ерікті және анонимді болды.

Кесте 1 – Сауалнама толтырған студенттердің демографиялық мәліметтері

Көрсеткіш	Студенттер саны	Пайыздық көрсеткіштер(%)	
Жынысы	Ер адам	1	0
	Әйел адам	70	100
Жасы	<18	24	34
Курс	18-20	47	66
Бірінші		24	34
Екінші		35	49
Үшінші		12	17

Сауалнама нәтижелері төмендегі диаграммаларда көрсетілген (1-2 суреттер).



Сурет 1 – Студенттердің кәсіпкерлік құзыреттілік туралы түсінік деңгейі

Сауалнама нәтижелерін талдау студенттердің «кәсіпкерлік құзіреттілік» және оның құрамдас бөліктері туралы ойларының шашыраңқы екені анықталды, бұл жоғарыда келтірілген көрсеткіштердің дәлелі. Алынған нәтижелер болашақ мұғалімдердің «кәсіпкерлік», «кәсіпкерлік құзіреттілік» ұғымдарының мәнін түсіну үшін көп еңбектенуі қажет екенін көрсетеді.



Сурет 2 – Кәсіпкерлік курсына қатысу

Сабаққа қатысу. Бұл кәсіпкерлік курстарына қатысу мүмкіндігін қарастыру үшін көп таңдаулы сұрақпен өлшенді. Оқушыларға өз жағдайын көрсететін келесідей мәлімдемелерді таңдау ұсынылды:

- 1-ші «Мен кәсіпкерлік курсынан өткен жоқпын»;
- 2-ші «Мен кәсіпкерлікті үйрететін курсын оқып жүрмін»;
- 3-ші «Мен кәсіпкерліктің кем дегенде міндетті немесе таңдау курсын аяқтадым».

Келесі нәтижелер алынды – бұл 1 және 2 курс болғандықтан кәсіпкерлік курсын өтпеді. Дегенмен, біз 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс оқу бағдарламасын зерттедік, келесі жылы 2 курс студенттері «Инновациялық бизнес негіздері», 3 курс «Білім беру қызметтерін бизнес-жоспарлау» және «Электрондық бизнес негіздері» сияқты элективті пәндерді оқитынын анықтадық. «6В01303 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен бастауыш білім беру» мамандығының 2 курс студенттері және «6В01307 Көптілді оқытумен бастауыш білім берудің педагогикасы мен әдістемесі» 3 курс студенттері «Экономика негіздері» пәнін 2021-2022 оқу жылының 1 семестрінде оқыған. Сол пәннің төңірегінде кәсіпкерлік тақырыптары қозғалды.



Сурет 3 – Студенттердің жоғары оқу бітіргеннен кейінгі жоспарлары

3-суретке сәйкес, сауалнамаға қатысқан оқушылардың негізгі бөлігі, атап айтқанда 60% бастауыш сынып мұғалімі болып жұмыс істеуді жоспарлайды, ал 20% жеке бизнестің басшысы немесе отбасылық кәсіптің мұрагері болғысы келеді. Сондықтан біз «Кәсіпкерлік негіздері» педагогикалық университеттегі ең маңызды пәндердің бірі бола алады және болуы керек деп есептейміз. Өйткені, болашақ мұғалім оқуын аяқтағаннан кейін өзінің білім беру орталығын құруды, өз аймағындағы сұранысқа ие балаларға арналған бағдарламаларды ашуға мүмкіндіктері болу керек деп есептейміз.

**Қорытынды.** Шетелдік басылымдарда мұғалімдерді кәсіпкерлікке дайындаудың өзектілігі туралы көптеген зерттеулер жүргізілді, дегенмен бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіпкерлікке дайындау бойынша ғылыми зерттеулердің саны аз. Ал бастауыш білім берудің ерекшелігі – оқу дағдысының іргетасы осында қаланады, ол болашақта үздіксіз білім алудың негізіне айналады. Сол себепті осы мәселені одан әрі қарай зерттеу керек.

Қазіргі таңда «Бастауыш сынып педагогтерінің кәсіпкерлік құзыреттілігін дамыту («6В01302 – Бастауыш білім беру бизнес инновациямен» мамандығының мысалында)» тақырыбында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізудеміз. Осы зерттеуді Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет қаржыландырып отыр (11.02.2022 жылғы №1 келісім-шарт). Зерттеудің практикалық маңыздылығы мынада: зерттеудің ұсынылып отырған ғылыми-әдістемелік нәтижелері Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік білім беруді дамытуға, сондай-ақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау мен қайта даярлауды жетілдіруге бағытталатын болады.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіпкерлік құзыреттілігін дамыту үшін келесі ұсыныстарымызды ұсынамыз:

- Абай атындағы ҚазҰПУ базасында «Педагог-кәсіпкер» клубын құру. Осы клубта болашақ бастауыш сынып педагогтері интерактивті дәрістер, жеке оқу орындарының құрылтайшыларымен бизнес-сабақтар алу;

- Сол клубтың негізінде білім беру саласында студенттер жеке жобасын әзірлеу үшін жобалық іс-шараларды жүзеге асыру;

- «Педагог-кәсіпкер» клубының қызметінің нәтижесінде жобалар байқауын ұйымдастыруға мүмкіндіктер жасау;

- «Кәсіпкерлік негіздері» арнайы курсы болып болашақ бастауыш сынып педагогтарына өткізу.

Клуб университеттегі кәсіпкерлік ортаны дамытудың бірінші кезеңі ретінде, оның мақсаты бизнестегі даму мүмкіндіктері туралы ақпараттандыру болып табылады. Ұсынылып отырған бағдарлама бастауыш сынып педагогтары арасында кәсіпкерлік құзыреттілікті дамытуға, білім беру саласындағы жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлер мен болашақ бизнестің әлеуетті жасаушылары арасындағы ынтымақтастықты дамытуға және өз жобасын әзірлеуге ықпал етеді. Қорытындылай келе, болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне кәсіпкерлік құзыреттіліктерін дамытуға, сонымен қатар мақсатты, белсенді, жас кәсіпкер ұрпақ өсіруге көмектесетін тәжірибелі мамандардың тәжірибесін қолдану қажет деп айта аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – Астана, 2012 [Электронды ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1200002050> (қаралған күні: 10.03.2022)
2. Van Praag C. M., Versloot P. H. What Is the Value of Entrepreneurship? A Review of Recent Research // *Small Business Economics*. – 2007. – Vol. 29 (4). – PP. 351-382
3. Fayolle A., B. Gailly. From Craft to Science: Teaching Models and Learning Processes in Entrepreneurship Education // *Journal of European Industrial Training*. – 2008. – Vol. 32 (7). – PP. 569-593
4. Singh S. K., Pravesh, R. Entrepreneurship development in India: Opportunities and challenges // *Splint International Journal of Professionals*. – 2017. – Vol. 4(3). PP. 75 [Электронды ресурс]: URL: <https://www.indianjournals.com/ijor.aspx?target=ijor:sijp&volume=4&issue=3&article=010>. (қаралған күні: 01.03.2022)
5. Jack S. L., Anderson A. R. *Entrepreneurship Education within the Condition of Entreprenology* // *Proceedings of the Conference on Enterprise and Learning*. - Aberdeen: UK. – 1998
6. *Entrepreneurship Education in Europe: Fostering Entrepreneurial Mindsets through Education and Learning* // European Commission (EC), Oslo: *Final Proceedings of the Conference on Entrepreneurship Education*. – 2006.
7. Neck H. M., Greene P. G. *Entrepreneurship Education: Known Worlds and New Frontiers* // *Journal of Small Business Management*. – 2011. – Vol. 49 (1). – PP. 55–70
8. Fayolle A. *Personal Views on the Future of Entrepreneurship Education* // *Entrepreneurship and Regional Development*. – 2013. – Vol. 25 (7–8). PP. 692–701
9. Audretsch D., Thurik A. *What's New about the New Economy? Sources of Growth in the Managed and Entrepreneurial Economies* // *Industrial and Corporate Change*. 2001. – Vol. 10(1). - PP. 267-315
10. *Global Education Initiative. Educating the Next Wave of Entrepreneurs* // *World Economic Forum*. – Geneva. – 2009.
11. *Web of Science database* [Электронды ресурс]: <https://www.webofscience.com/wos/woscc/basic-search> (қаралған күні: 05.02.2022)
12. *Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы*. – Нұр-султан, 2019 [Электронды ресурс]: URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1900000988> (қаралған күні: 15.09.2021)
13. *European Commission. Entrepreneurship 2020 // Action Plan*. - Brussels: European Commission. – 2013
14. de la Fuente J., Douglas K., Díaz-Orueta U., Yashu K. *Adapting the research development and innovation (RD & I) value chain in psychology to educational psychology area* // *Front. Psychol*. – 2018. Vol. 9 [Электронды ресурс]: URL: <https://www.ncbi.nlm.nih.gov/pmc/articles/PMC6117246/> (қаралған күні: 05.02.2022)
15. Wu Y.-C.J., Wu T. *A decade of entrepreneurship education in the Asia Pacific for future directions in theory and practice* // *Management Decision* – 2017. - Vol. 55. - No. 7. – PP. 1333-1350. [Электронды ресурс]: URL: <https://www.emerald.com/insight/content/doi/10.1108/MD-05-2017-0518/full/html> (қаралған күні: 05.02.2022)
16. Fayolle A., Kariv D., Matlay H. *The Role and Impact of Entrepreneurship Education* // Cheltenham: Edward Elgar Publishing. – 2019. - P. 352 [Электронды ресурс]: URL: [https://books.google.kz/books?hl=ru&lr=&id=TXiYDwAAQBAJ&oi=fnd&pg=PR1&ots=hXVDZI67rB&sig=seQIOvB-9UOpMppuYh8sJ9c334Y&redir\\_esc=y#v=onepage&q&f=false](https://books.google.kz/books?hl=ru&lr=&id=TXiYDwAAQBAJ&oi=fnd&pg=PR1&ots=hXVDZI67rB&sig=seQIOvB-9UOpMppuYh8sJ9c334Y&redir_esc=y#v=onepage&q&f=false) (қаралған күні: 05.02.2022)
17. Mei H., Lee Ch., Xiang Yu. *Entrepreneurship Education and Students' Entrepreneurial Intention in Higher Education* // *Education Sciences*. – 2020. – Vol. 10 (9) [Электронды ресурс]: URL: <https://www.webofscience.com/wos/woscc/full-record/WOS:000578945300001> (қаралған күні: 02.03.2022)
18. Zhao Yb, Zhao X., Shi J., Du H., Marjerison, R.K., Peng Ch. *Impact of entrepreneurship education in colleges and universities on entrepreneurial entry and performance* // *Economic research – Ekonomika istrazivanja*. – 2022. [Электронды ресурс]: URL: <https://www.webofscience.com/wos/woscc/full-record/WOS:000768313500001> DOI: [10.1080/1331677X.2022.2048189](https://doi.org/10.1080/1331677X.2022.2048189) (қаралған күні: 02.02.2022)
19. Al-Lawati E. H., Abdul Kohar U. H., Suleiman S. E. *Entrepreneurial culture in educational institutions: A scoping review* // *Cogent business & management*. – 2022. – Vol. 9 (1). [Электронды ресурс]: URL: <https://www.webofscience.com/wos/woscc/full-record/WOS:000740850000001> DOI: [10.1080/23311975.2021.1997237](https://doi.org/10.1080/23311975.2021.1997237) (қаралған күні: 10.02.2022)

20. Эксперт: Бизнес – это не только Илон Маск и Силиконовая долина [Электронды ресурс]: URL: <https://strategy2050.kz/ru/news/ekspert-biznes-eto-ne-tolko-ilon-mask-i-silikonovaya-dolina/> (қаралған күні: 10.02.2022)

21. Электронный каталог «100 идей для женского предпринимательства» [Электронды ресурс]: URL: [https://fundwomen.kz/ru/business\\_ideas](https://fundwomen.kz/ru/business_ideas) (қаралған күні: 10.02.2022)

22. Жумабаева А.Е., Жунусбекова А. Социальные предпосылки подготовки будущих педагогов начальных классов к бизнес ориентированной деятельности // Вестник КазНПУ им. Абая. Сер. «Педагогические науки». – 2021 – №4 (68). – С. 126-132 [Электронды ресурс]: URL: <https://bulletin-pedagogy.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/722/570> (қаралған күні: 15.02.2022)

23. Johannisson B. University training for entrepreneurship: Swedish approaches Entrepreneurship & Regional Development // An International Journal. – Vol. 3. – P. 67-82.

24. Komarkova I., Gagliardi D., Conrads J., Collado A. Entrepreneurship Competence: An Overview of Existing Concepts, Policies and Initiatives // Final Report of European Commission, Luxembourg: Publications Office of the European Union. - 2015. – P. 162 [Электронды ресурс]: URL: <http://publications.jrc.ec.europa.eu/repository/handle/JRC96531/> (қаралған күні: 15.03.2022)

#### References:

1. «Kazakhstan – 2050» Strategiyasy – Astana, 2012. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1200002050>
2. Van Praag C. M., Versloot P. H. What Is the Value of Entrepreneurship? A Review of Recent Research // Small Business Economics. – 2007. – Vol. 29 (4). – PP. 351 – 382
3. Fayolle A., B. Gailly. From Craft to Science: Teaching Models and Learning Processes in Entrepreneurship Education // Journal of European Industrial Training. – 2008. – Vol. 32 (7). – PP. 569-593
4. Singh, S. K., Pravesh, R. Entrepreneurship development in India: Opportunities and challenges // Splint International Journal of Professionals. – 2017. – Vol. 4(3). PP. 75
5. Jack S. L., Anderson A. R. Entrepreneurship Education within the Condition of Entreprenology // Proceedings of the Conference on Enterprise and Learning. - Aberdeen: UK. – 1998
6. Entrepreneurship Education in Europe: Fostering Entrepreneurial Mindsets through Education and Learning // European Commission (EC), Oslo: Final Proceedings of the Conference on Entrepreneurship Education. – 2006.
7. Neck H. M., Greene P. G. Entrepreneurship Education: Known Worlds and New Frontiers // Journal of Small Business Management. – 2011. – Vol. 49 (1). – PP. 55–70
8. Fayolle A. Personal Views on the Future of Entrepreneurship Education // Entrepreneurship and Regional Development. – 2013. – Vol. 25 (7–8). PP. 692–701
9. Audretsch D., Thurik A. What's New about the New Economy? Sources of Growth in the Managed and Entrepreneurial Economies // Industrial and Corporate Change. 2001. – Vol. 10(1). - PP. 267-315
10. Global Education Initiative. Educating the Next Wave of Entrepreneurs // World Economic Forum. – Geneva. – 2009.
- 11.
12. Kazakstan Respublikasynyn bilim berudi zhane gylimdy damytudyn 2020-2025 zhyldarga arnalgan memlekettik bagdarlamasy. - Nur-sultan URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1900000988>
13. Web of Science database <https://www.webofscience.com/wos/woscc/basic-search>
14. De la Fuente J., Douglas K., Díaz-Orueta U., Yashu K. Adapting the research development and innovation (RD & I) value chain in psychology to educational psychology area // Front. Psychol. – 2018. Vol. 9 <https://www.ncbi.nlm.nih.gov/pmc/articles/PMC6117246/>
15. Wu Y.-C.J., T. Wu A decade of entrepreneurship education in the Asia Pacific for future directions in theory and practice // Management Decision. – 2017. - Vol. 55. - No. 7. – PP. 1333-1350. URL: <https://www.emerald.com/insight/content/doi/10.1108/MD-05-2017-0518/full/html>
16. Fayolle A., Kariv D., Matlay H. The Role and Impact of Entrepreneurship Education // Cheltenham: Edward Elgar Publishing. – 2019. - P. 352 URL: [https://books.google.kz/books?hl=ru&lr=&id=TXiYDwAAQBAJ&oi=fnd&pg=PR1&ots=hXVDZI67rB&sig=seQIQvBpuYh8sJ9c334Y&redir\\_esc=y#v=onepage&q&f=false](https://books.google.kz/books?hl=ru&lr=&id=TXiYDwAAQBAJ&oi=fnd&pg=PR1&ots=hXVDZI67rB&sig=seQIQvBpuYh8sJ9c334Y&redir_esc=y#v=onepage&q&f=false)
17. Mei H., Lee Ch., Xiang Yy. Entrepreneurship Education and Students' Entrepreneurial Intention in Higher Education // Education Sciences. – 2020. – Vol. 10 (9) URL: <https://www.webofscience.com/wos/woscc/full-record/WOS:000578945300001>



18. Zhao Yb, Zhao X., Shi J., Du H., Marjerison, R.K., Peng Ch. *Impact of entrepreneurship education in colleges and universities on entrepreneurial entry and performance* // *Economic research – Ekonomiska istrazivanja*. – 2022. URL: <https://www.webofscience.com/wos/woscc/full-record/WOS:000768313500001> DOI: [10.1080/1331677X.2022.2048189](https://doi.org/10.1080/1331677X.2022.2048189)

19. Al-Lawati E. H., Abdul Kohar U. H., Suleiman S. E. *Entrepreneurial culture in educational institutions: A scoping review* // *Cogent business & management*. – 2022. – Vol. 9 (1). URL: <https://www.webofscience.com/wos/woscc/full-record/WOS:000740850000001> DOI: [10.1080/23311975.2021.1997237](https://doi.org/10.1080/23311975.2021.1997237)

20. *Ekspert: Biznes – eto ne tol'ko Ilon Mask i Silikonovaya dolina* URL: <https://strategy2050.kz/ru/news/ekspert-biznes-eto-ne-tolko-ilon-mask-i-silikonovaya-dolina/>

21. *Elektronnyj katalog «100 idej dlya zhenskogo predprinimatel'stva»* URL: [https://fundwomen.kz/ru/business\\_ideas](https://fundwomen.kz/ru/business_ideas)

22. Zhumabaeva A.E., Zhunusbekova A. *Social'nye predposylki podgotovki budushchih pedagogov nachal'nyh klassov k biznes orientirovannoj deyatel'nosti* // *Vestnik KazNPU im. Abaya. Ser. «Pedagogicheskie nauki»*. – 2021 – №4 (68). – S. 126-132 URL: <https://bulletin-pedagogy.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/722/570>

23. Johannisson B. *University training for entrepreneurship: Swedish approaches* *Entrepreneurship & Regional Development* // *An International Journal*. – Vol. 3. - P. 67-82.

24. Komarkova I., Gagliardi D., Conrads J., Collado A. *Entrepreneurship Competence: An Overview of Existing Concepts, Policies and Initiatives* // *Final Report of European Commission, Luxembourg: Publications Office of the European Union*. – 2015. – P. 162 URL: <http://publications.jrc.ec.europa.eu/repository/handle/JRC96531/>

МРНТИ 14.35.07

<https://doi.org/10.51889/2022-2.1728-5496.24>

Ш.Е. Жусипбекова<sup>1</sup>, М.К. Ибраева<sup>2</sup>, С.С. Сейтенова.<sup>3</sup>

<sup>1</sup>С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті,  
Алматы қ., Қазақстан

<sup>2</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан

<sup>3</sup>Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,  
Ақтөбе қ., Қазақстан

## БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ КӘСІБИ ДАЙЫНДАУДАҒЫ «ЭЛЕКТРОТЕХНИКА ЖӘНЕ ЭЛЕКТРОНИКА НЕГІЗДЕРІ» ПӘНІН ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Мақалада педагогикалық және фармацевтикалық өндіріс технологиясы мамандықтарының студенттеріне «Электротехника және электроника негіздері» пәнін оқытудың мақсат-міндеттері қарастырылған. Қазақстанда білім беруді жаңғырту тұжырымдамасына сәйкес кәсіптік білім берудің негізгі мақсаты – еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, өз кәсібін еркін меңгерген, өз жұмысын тиімді орындайтын, өзінің кәсіптік қызметінің аралас салаларында еркін бағдар алатын және кәсіптік жоспарда үнемі өзін-өзі жетілдіруге дайын білікті қызметкерді даярлау болып табылады. Болашақ мамандарды кәсіби дайындауды қоғамдық сұранысқа орай үйлестіру – мемлекеттік «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асырудың тегігі, алғышарты. Цифрлы технологияларды пайдалану адам өмірінің барлық сфераларында елеулі өзгерістер әкелді. Қазіргі кездегідей ақпараттар тасқыны қарқындап тұрған кезде электротехника құралдарымен жұмыс істей алу да аса қажетті құзыреттілік болып табылады. Әсіресе болашақ педагог мамандар мен инженер технологтар үшін электрониканы зерттеу, тану, қолдану қажеттілігі туындауы сөзсіз. Пәннің осы бағыттағы, яғни цифрлық сауаттылық пен ақпараттық құзыреттілік қалыптастырудағы маңызы аталып, оқытуды жаңаша ұйымдастырудың жолдары көрсетілген. SMART мақсаты анықталған практикалық сабақтың қысқа